

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.  
АСФЕНДИЯРОВА

**Ортопедиялық стоматология  
пропедевтикасы модулі**

**Тақырып: Пластмассалы  
және биокерамикалық жасанды  
сауыттарға арнап егеу.**

Орындаған: Қайыпжанов С

Қабылдаған: Кузеков Ж.С

Топ: 301

Алматы 2015 ж.

# Жоспары:

- 1.Кіріспе
- 2.Пластмассалық жасанды сауыттарға арнап тісті егеу.
- 3.Биокерамикалық жасанды сауыттарға арнап тісті егеу.
- 4.Қорытынды
- 5.Пайдаланылған әдебиет

# Кіріспе

Әр түрлі туа біткен (тістің орналасуының, формасының, түсінің өзгеруі, эмаль гипоплазиясы) және жүре пайда болған (тісжегі, жарақаттар, сынатәрізді кетік, жоғары дәрежеде қажалу, флюороз, гиперэстезия) тістің қатты тіндерінің бұзылуында жасанды сауыттармен ортопедиялық емдеу ұсынылады. Ең бірінші іс әрекет жасанды сауыттырға арнап тісті егеу болып табылады. Жасанды сауыт түріне байланысты тіс әр түрлі көлемде, пішінде егеледі.

- Тісті егеу-тістің қатты тіндеріне абразивті айналатын аспап көмегімен жүзеге асырылатын хирургиялық араласу. Бұл жергілікті жарақаттық әсер және көп жағдайда ағзаның стресстік реакциясымен: қорқыныш, үрей сезімдері, психоэмоциональды әсер, ауру сезімі және функциональды қызметтердің бұзылуы, нейро-эндокринді аппараттың, жүрек қан тамыр жүйесінің-артериялық қысымның өзгеруі, миокардқа қысым түсіп, оттегіге мұқтаждығы пайда болады.

- Тісті егегенде ауру сезімінің пайда болуы тістің ысуы, абразивті аспаптың вибрациясы әсерінен микрожарақат, ұлпаның күйуі және тістің қатты тіндерін көп мөлшерде егеу.
- *Тістің ысуына келесі факторлар әсер етеді:*
- айналу жылдамдығы,
- абразивті аспаптың диаметрі мен тіске түсіретін қысымы,
- тінмен жанасу ұзақтығы.
- Сол үшін тістің қатты тіндерін үзіп-үзіп егеу керек, абразивті ұзақ уақыт бір нүктеде ұстамау керек, қысымды азайту, диаметрі кішкентай абразивті аспаптарды пайдалану, тіс тіндерін суытып отырған дұрыс.


- Әр науқас тісті егеу алдында ерекше психологиялық дайындықты қажет етеді. Науқаста ауру сезімі пайда болса, дәрігерге белгі беру керек, мысалы: сол қолын көтеру. Ауру сезімі пайда болса, науқас кенеттен, күтпеген іс әрекеттер жасамау керек екендігін түсіндіру.
- Тісті егеу, жансыздандырғыш препараттар көмегімен жүргізілу.
- Жақсы орталықтанған, жоғары абразивті қасиеті бар аспапты пайдалану.
- Жұмыс істер алдында бормашина жағдайы мен аспаптың ұштыққа дұрыс орнығуын қадағалау.

- Аспапты толық тоқтағаннан кейін ауыз қуысынан шығару.
- Жарықтың жеткілікті көлемде түсуі керек.
- Тісті егегенде суытып отырған дұрыс.
- Ұштықты ауыз қуысына енгізгеннен кейін қосу керек және қолды ыңғайлы етіп ұстау.

## Пластмасса сауытқа арнап егеу

- Пластмассаның төзімділігінің төмен болуына байланысты, сауыттың қалың болуы үшін эмаль мен дентиннің едәуір қабаты егелуі керек.
- Егеуді алмазды таспен тістің экваторынан бастайды. Төменгі жақ тістерін егегенде дәрігер науқастың алдынын және оң жағынан тұрады, ал жоғарғы жақ алдыңғы тістерін егегенде науқастың артынан тұруы мүмкін. Тістің қызып кетпеуі мақсатында тіс үзік-үзік қимылдармен егеледі.





Тісті егеу кесу қырынан штампталған сауытқа арнап егеуден де яғни үлкен көлемде болу керек.

Пластмасса сауыт үшін тірек тістердің мойын бөліктерін даярлаудың 2 тәсілі бар: кертпемен және кертпесіз.


- Егерде тістің мойын бөлігі сақталса, тіссауытының қыры қызыл иек қалтасына кіріп кетпес үшін кертпе жасалады. Тістің мойын бөлігінің тұтастығының тісжегімен зақымдалған жағдайында, кертпе жасау мүмкін болмай қалады. Мойын тұсында кертпе жасау үшін, тісті егеу апроксимальды беттерден басталады. Келесі егелетін беттер вестибулярлық және тілдік беттері. Сонымен қызыл иек деңгейінен 0,5 мм шығып тұратын, тістің бүкіл периметрі бойымен орналасқан тірек алаңы-кертпе пайда болады. Тіссауыты егелгеннен кейін тіске конус тәріздес пішін береді.




- Кертпенің соңғы қалыптастырылуы оның қызыл иек қалтасына тереңдеумен бітеді. Бұл амалды арнайы-торцовый бормен жасаған дұрыс.

● Кертпенің пішіндері әр түрлі: тік бұрышты, кертпесіз, ойық керттік, ұштары қырқылған керттік, төбелі керттік, көлбең керттік. Керттік пішіндері тіс сауытының пішініне, еңкіштігіне, топографиясына және қвтты тіндердің жағдайларына байланысты.







а




б




в



г



д



1

2

3

4

5

6

## Биокерамикалық жасанды сауытқа арнап егеу

- Тістерді егегенде алынатын қатты тіндердің қалыңдығы 1,5-2,0мм.Тістерді егеу үздік-үздік,өысым көрсетпей және дірілдетпей жасалуы қажет.Эмаль мен дентиннің егелуі тістің анатомиялық пішіннің сақталуымен және бірқалыпты қалыңдықты алумен іске асырылады.Егеу конустәрізді, цилиндртәрізді борлармен жүзеге асырылады.Тісті егеу кезінде қызыл иекке 0,5мм жетпей 1мм тереңдікте кертпе жасаймыз.

- Тістердің шайнау бетінен тіндердің қалыңдығы 1,5-2мм, тіс биіктігі оның  $\frac{1}{4}$  ұзындығына қысқартады. Тістің қалған жақтарында алынатын қалыңдық 1,5-2мм. Егелген тіс тұқылының пішіні жартылай конустәрізді. Соңында тістердің қырларын тегістейміз.

## Қорытынды:

- Тісті егеген кезде дәрігер өз білімін жоғары дәрежеде көрсете отырып, асқынулардың алдын алу керек, және қателіктер жібермеуге тырысуы тиіс. Себебі, бір қателіктен пайда болған асқыну науқастың психикасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сол үшін дәрігер барынша науқасқа дұрыс ортопедиялық көмек көрсете отырып, науқастың көңілінен шығуы керек.



## Пайдаланған әдебиет

- пропедевтика ортопедической стоматологии. Рузуддинов С.Р., Седунов А.А., Лобанов Ю.С., Алматы, 2011
- Стоматологиялық ортопедия. А.М. Маженова, Н. Қ. Сейітмамбетов. Алматы, 2003 ж
- П. Танрыкулиев Клиника и протезирование больных с беззубыми челюстями, Ашхабад. Магарыф-1988
- Методические указания для студентов, 2002
- Google.com



**Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет!**

